

Мир для М.Горького невозможен без звуков. Это в равной степени относится и к человеку, который невозможен вне речи.

II. Второй функцией НПР, как было сказано, является отражение многоголосья окружающего мира.

Так, незавершенная реплика одного из персонажей романа «Мать» в обстановке сменяющихся друг друга высказываний как бы оживляет общую картину, передает реалистически живую атмосферу судебного заседания.

«В зале говорили свидетели – торопливо, обесцвеченными голосами, судьи – неохотно и безучастно. Толстый судья зевал, прикрывая рот пухлой рукой, рыжеусый побледнел еще более, иногда он поднимал руку и, туго нажимая на кость виска пальцем, слепо смотрел в потолок жалобно расширенными глазами. Прокурор изредка черкал карандашом по бумаге и снова продолжал беззвучную беседу с предводителем дворянства, а тот, поглаживая седую бороду, закатывал огромные красивые глаза и улыбался, важно сгибая шею. Городской голова сидел, закинув ногу на ногу, бесшумно барабанил пальцами по колену и сосредоточенно наблюдал за движениями пальцев. Только волостной старшина, утвердив живот на коленях и заботливо поддерживая его руками, сидел, наклонив голову, и, казалось, один вслушивался в однообразное журчание голосов, да старичок, воткнувшийся в кресло, торчал в нем неподвижно, как

флюгер в безветренный день. Продолжалось это долго, и снова оцепенение скуки ослепило людей...

- Объявляю... - сказал старичок и, раздавив тонкими губами следующие слова, встал.

Шум, вздохи, тихие восклицания, кашель и шарканье ног наполнили зал» (М.Горький. Мать).

Содержание объявления «старичка» в данном случае не имеет сколько-нибудь существенного значения, поэтому оно и не излагается, но достоверность ситуации подчеркивается этой недialogической репликой.

Использование НПР играет не только идейно-содержательную роль, оно важно в художественном отношении, в частности, и для отражения той языковой полифонии, без которой, как показал М.Бахтин [2], невозможно создать современное художественное произведение, в котором весьма важно соотношение авторской речи с речью персонажей.

1. Камянов В. Где тонко – там не рвется // Новый мир. – 1989. - №8, с. 226-240.

2. Бахтин М.И. Проблемы поэтики Достоевского. – М.: Художественная литература, 1972. - 471 с.

\*\*\*

Осы мақалада көркем прозадағы диалогтық емес төл сөздердің стилистикалық эффекттерінің мүмкіндіктері қарастырылады

\*\*\*

The possibilities of stylistics effects of non dialogic direct speech in fiction prose are considered in this article

*Д. А. Амандықов*

## МЭШҲҮР ЖҮСІП КӨПЕЕВ ТІЛІ

Қазақ тарихында көптеген ұлы тұлғалардың қашан да өз еліне адал қызмет етіп, ғылыми тұрғыдан болсын, діни тұрғыдан болсын дәлелдермен түсіндіріп, халқының көзін ашар біраз дүниелерді жазып қалдырғаны мәлім. Діни білімі бар адам үшін бұл үлкен сауапқа кенелтетін амалдар. Осындай ниетпен халық қамы үшін аянбай тіршілік еткен тұлғалардың бірі – Мәшһүр Жүсіп Көпеев.

Болашақ ақын қаршадай жасынан қолына қалам алып ескіше оқыған, ескіше хат таныған. Ол кішкентайынан молданың алдын көрген, оның балауса көк шыбығының «дәмін» татқан.

Өйткені, молда қыбыр-жыбыр еткенді, оқымағанды табан астында жазалайтын.

Жас Мәшһүр Жүсіп молдадан бір «қиындық» көрсе, бірге оқыған балалар «түйебас» қып ойнап тағы да тағдыр тауқыметін тартқызыпты. Мәшһүрдің әкесі Көпей де жасында азапты көрген, басынан қиыншылықты өткізген кісі екен. Өзі маңдай терімен дүние тауып, зерек баланы – Мәшһүр Жүсіпті молдаға оқуға бергенді жөн санап, Хамар молдаға тапсырады.

Мәшһүр Жүсіп көзін тырнап аша салысымен медреседе оқыды, жатпай-тұрмай «әптие», «иманшарт», «мұхтасарларды» ақтарды, одан

қасиетті «Хадисті» үйренді, кітаптың кітабы, ғылымның ғылымы Алланың ақ сөзі «Құран кәрім» сүрелерін жаттады. Күндіз-түні бір Жаратқанға жалбарынып ақ қағазбен алысты. Ол білім жолына аямай барын салды, пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с) айтқан қағидамен жүрді, пайғамбарымыз (с.ғ.с) ғылым туралы: «Білімді мейлі ол Қытайда болсын меңгер, себебі, білімді болу мұсылман үшін міндетті» - деген ұлағатты сөзін берік ұстанды.

Ғылымның адам баласына өте қажет екенін жастайынан түсінген ақын кейіннен Бұхара мен Ташкент қаласын кезіп жүріп оқыды, үйренді.

Осылай діни біліммен сауат ашқан, шарифатпен тәрбиеленген жас Мәшһүр кішкентай күнінен бастап-ақ діни сарындағы өлеңдерді жаза бастады.

Мәшһүрдің өлеңдері қазірде том-том болып басылып, жарыққа шықты. Оның әр томын, әр өлеңін, аңыз әңгімесін оқыған сайын Құдайды есіңе түсіріп отырады. Әрбір табиғат жаратылысына таңырқап қарап, Құдайдың шеберлігіне көз тастап, өз таңданысын білдіреді. Сөзімізге дәлел болу үшін, «Кәф пен Нун» өлеңінде тілдің жаратылуын сөз еткен. Мысалы:

Сөйлесе, білінеді тілдің құны,  
Жаратқан «сөйлесін» деп Құдай мұны.  
Құдайдан, айналайын, шеберлікпен  
Жаратқан бір жапырақ ет қып оны...

Кез келген өлеңін оқысаң, әрқайсысынан ислам жайлы мол түсінік алып, рухани баюыңа себепкер табасың. Мысалы, «Абыраһа мен Мұтылаб» өлеңінде тарихта болған оқиғаны баяндап, қасиетті Құран кәрімдегі «Фил» сүресінің түсу себебі, қандай оқиғаға байланысты екенін бұқара халықты хабардар етіп отыр. Мұндағы Мұтылаб деп отырғаны, пайғамбарымыздың (с.ғ.с) атасы – Абдимуталлиб. Бұл оқиғаның негізгі желісі былай болған: Пайғамбарымыз(с.ғ.с) дүниеге келмей тұрып, құрайыштарға көрші Иемен елінде Абраһа деген бір патша билік басында отырады. Көрші құрайыш еліне, яғни Меккеге адамдар көп барып, саудасаттық жасап, Құдайға құлшылық жасап жатқанынан хабардар болыпты. Мұның себебін көмекшілерінен сұраса, олар онда Құдайдың үйі Қағба бар екенін жеткізген. Осы оймен Абраһа өз еліне үлкен шіркеу салдырып, ішіне бар дүниесін төгіп, әрлеп, әшекейлеп, қолдан жасалған пұттарды орналастырған. Бірақ та бұл соқтырған зәулім сарайға адамдар легі ағылып келгенімен, бір көргенде қызығы басылып, екінші рет келмейді. Күндердің күнінде бір топ араб жұмыстармен жүріп, әлгі сарайға кіріп, күзетшілерінен бір түнге сонда қалуға рұқсат

сұрайды, күзетшілер оған келіседі. Жаңағы сапарда жүрген арабтар шіркеудің ішіндегі пұттарды қиратып, үлкен пұттың қолына балта ұстатып, сол пұттардың бетіне нәжіс жағып, былай хат жазып қалдырып кетеді: «Міне, біз Мекке шаһарының қаңғып жүрген саяғымыз, бетіне боқ жағып жатқан қолымызды қағуға жарамады. Құр қол болдым демесін деп, қолына балта да бердік, оны ұстап өз басын қорғауға шамасы келмеген құдайларың, сендерді қалай қорғамақ?!» - деп кетіп қалыпты. Ертесіне таңертең күзетшілер сарай есігін ашып, жаңағы арабтарды шығарайын десе, іштегі пұттардың қирап жатқанын, оған қоса ішіне дәрет сындырғанын көріп, болған оқиғаны патшаға жеткізеді. Мұны естіген патша ашуға булығып, Меккеге соғыс ашуға бел байлап, әскерін жинайды. Содан соғыс ашып, Меккеге жеткенде, астарындағы пілдері ілгері жүрмей, бір орнында тұрып алады, қанша қинағанымен түк те өнбейді. Сол мезетте аспаннан әбәбил атты бұрын-соңды арабтар көрмеген құстар ұшып келеді, әрқайсысының аузында бір тас, аяғында екі тастан. Ол тастар түскен жерін күйдіріп, адамды өлтіреді. Осы құстар Абраһаның әскеріне тас жаудырып, тегіс қырып тастайды, міне Аллаһ өз үйін осылай қорғап қалды. Бұл оқиғаны Құранда «Піл» оқиғасы деп атайды. Осыған байланысты «Фил» сүресі баяндалады.

Дәл осы оқиғаны прозамен баяндаған Мәшһүр Жүсіптің «Құдайды қолдан жасаушылар әлегі» атты туындысы да бар.

Құдайға шексіз шүкір, сана сансыз  
Өлім хақ, ол келеді бір күн аңсыз.  
Алланың бірлігіне тәсбих айтар

Жаралған күллі ғалам жанды-жансыз,- деп басталады «Ықылас сүресі» өлеңі. Атының өзі айтып отырғанындай, бұл өлең тұнып тұрған ислам, тұнып тұрған дін. Өлеңде Мәшһүр аталған сүренің түсу себебін, ол сүренің пайдасын, қасиетін шама-шарқынша жеткізіп, түсіндірген. Жалпы сүреде Аллаһ Тағала өзінің бар екенін, бір екенін, мәңгі тірі екенін айтып, пендесіне өзіне ешқашан серік қоспау керектігін ескертеді.

Біздерге асты сызылмаған сөздердің мағынасы белгілі болғандықтан, оларға сипаттама бермей-ақ қояйық. Себебі, ол сөздер төл әдебиетімізге сіңісіп, өз ана тіліміздей болып кеткен. Ал асты сызылған **тасбих** сөзі араб тілінен енген, мадақ, мақтау мағынасын береді. Осы күнде таспиық санау, деп жүргендегі таспиық – белгілі бір заттың атын білдіріп жүр, негізі жоғарыдағы тасбих сөзінен алынған.

Пайғамбарымызға пайғамбарлық келіп, дінді халыққа жеткізе бастағанда, мүшріктер одан:

сенің шақырып жүрген құдайың алтыннан ба, әлде күмістен бе деп сұрақ қояды. Осы оқиғаға байланысты Ықылас сүресі түскен. Өлеңде былай келеді:

Кәпірлер Рәсүлге айтты:

- Иа, Мұхаммед,

Көресің пұттарымыз әртүрлі зат.

Сен-дағы Құдайыңның сыл затын

Біздерге мағлұм етіп әйлә қыл жат

Өзінің құдіретімен Жаббар құда

Жіберді бұл сүрені Хабибына.

Пайғамбар кәпірлерге жауап берді,

Дәлелдеп бұл «Ықыласты» барлығына...

Асты сызылған сөздің мағынасы біз үшін күңгірт, ол араб тілінен келген, сүйікті құл деген мағынадағы сөз.

Мәшһүрдің әр прозалық болсын, мейлі поэзиялық шығармаларын карап, оқып, зерделеп отырсаң, өзіңнің діннен кішкене болса да алшақтау, діни біліміңнің аз екенін ұғынып отырамын хақ. Себебі, білімінің іргетасы медреседе қаланып, қолына қалам алғанда «бисмилләмен» бастаған адамның тоқыған білімі берекелі болары сөзсіз. Мына төмендегі өлеңнен де Мәшһүрдің діннен сусындаған сауатын анық, айқын аңғаруға болады:

Қолыңнан келмес іске тіпті деспе(тиіспе),

Құдайдың рахматы мол, үміт кеспе!

Әбужаһил лағындай масқара боп,

Өтірік жалған сөйлеп, желдей еспе!

Күш-қуат келе берер құдіреттен,

Соға бер өзін қайтпай шын ниеттен.

Алсайшы ауыз дәмін сөйлеп біраз,

Сүйікті Құдай досы Мұхаммедтен...

Мәшһүрдің бұл өлеңі «Мұхаммед пен Әбу-жаһил» деп аталады. Аталған өлең жолдарында бізге түсініксіздеу, араб, парсы сөздері қолданылған. Бірінші шумақтағы *Әбужаһил лағындай масқара боп* деген сөйлем кездескен, осы сөйлемдегі **лағын** сөзі біздегі ешкінің төлі емес, араб тіліндегі **лағын**, яғни лағынет, қарғыс атқыр мағынасын береді.

Қалдырған мұның бәрін Жаббар-Халық,

Дәл қасында тұрғандай біздерге анық.

Махфузыға жазылыпты барып сол күн,

Нәсіліне бұл Ғаббастың халифалық...

Бұл жолдардағы асты сызылғандар да араб тіліндегі немесе Құранда баяндалған сөздер. Алғашқы **Жаббар-Халық** сөзі – Алла Тағаланың ұлылық сипаты, **Махфузыға** сөзі Алла тарапындағы барлық жаратылғандардың тағдыры жазылған кітап мағыналарын береді.

Ақынның «Алтын табақ» өлеңі былай басталады:

Бісмиллә деп бастаймын сөздің басын,

Хаққа құлдық қылып төк көздің жасын

Дүниеде кім құлшылық қылып барса,

Сол алар қиаметтің даражасын...

Аллаға қылған істің бәрі аян,

Халал істеп ісінді Хаққа таян.

Хикаят: «Алтын табақ» деген сөзді

Тыңдаңыз құлақ салып, қылам баян... Бұл өлең жолдары да Ислам жайлы сыр шертеді. Алла тарапынан Жебірейіл періште арқылы жіберілген сынақ табақ болатын. Ол табақ Пайғамбар (с.ғ.с) мен қасындағы сардарлары, достары, кейінгі халифтар Али, Осман, Омар, Әбу Бәкірлермен сөйлесіп, олардың пікірін тыңдаған екен. Асты сызылған **Бісмиллә** барша қазақ баласы білетін, әр істі, әр сөзді бастар алдын айтатын Алланың атымен бастаймын деген мағынадағы сөз. Екінші **Хаққа** сөзі – Аллаһ Тағалаға, Құдайға, **қиаметтің даражасын** сөзі – төл тілімізге еніп кеткен қиямет дәрежесін, ақырзаман дәрежесін, халал – адал деген мағыналарды білдіретін сөздер.

1. Қалижанұлы У. Мәшһүр-Жүсіп Көпеев, Алматы, «Атамұра» 1998.

2. Сөз өнерінің зергері, Алматы, 2008.

3. Жүсіпов Нартай. Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы, Павлодар, 1999

\* \* \*

Эта научная статья затрагивает тему лексики известного казахского поэта Машхура Жусупа Копеева. А именно религиозные словоупотребления в его творчестве.

\* \* \*

This scientific article mentions a theme of lexicon of known Kazakh poet Mashhura Zhusupa Kopeeva.